д). Аудандардың әрбір тобы мен қауымына қажетті жер мөлшерін санаққа алды;

е). Қырғыздардың (қазақтардың) экспедиция жұмыстарына дейінгі және кейінгі жер мөлшерлерін салыстыру арқылы, нәтижесінде әрбір аудандағы артық және қажетті жерлерді анықтап шығарды [7, 53-54 бб].

Зерттеу экспедициясының әдіс-тәсіліне, негізгі принциптеріне тоқталар болсақ, бұл ең алдымен алдын-ала бір оязды зерттеп, бақылап көруден басталды. Зерттеушілерге алдын-ала жиналыс өткізіліп, онда зерттеудің мақсаты мен міндеті, негізгі әдіс-тәсілдер мен нұсқаулары түсіндіріліп, әрқайсысына жұмыс бөліп беріледі. Экспедицияны 3 партияға бөліп, әр партияның басына бір агрономдық білімі бар статист маманды басшылыққа бөліп береді. Партияның өзі кішігірім партияларға бөлініп, оларға да бөлек меңгерушілер тағайындалды. Әр партияға аудармашы, 2 тіркеуші, есепке алушы, топографтар бөлінді.

Олар арнайы бағдарламаның зерттеу бланкілерін жасап, соның негізінде жергілікті тұрғындарға сауалнама жүргізді. Бетпе бет әрбір адамнан аудармашылар арқылы сұрауларға жауап алды. Топографтар жергілікті аймақты схемалық карталарға түсіріп, алынған мәліметтерді статистер талдап, кестемен салыстырып шынайылық деңгейін анықтап, жинақтады. Ал ботаниктер мен гидротехниктер өңірдің табиғаты мен өсімдіктерін, суы мен топырағын зерттеп табиғатын және ауа-райын сипаттап берді.

Ф.А. Щербина бұл зерттеуде воронеждік іс-тәжірибесін негізге ала отырып, орташа көрсеткіштер базасын жасады. Онда ол малды жылқымен есептейді. Мәселен, Ф.Щербина қазақ шаруашылығына қажетті жер нормасын былайшаесептеп шығарды. Ол қазақтардың орташа отбасына **біріншіден,** қажетті мал басын 6 қой =1 жылқыға теңестіріледі, **екіншіден,** әрбір мал басына қажетті әртүрлі жайылымдардағы десятина жердің көлемін анықтап алуды, содан кейін екеуін көбейту арқылы әрбір орташа қазақ отбасына қажетті жер мөлшерін шығаруды ұйғарды.

**Кесте 1. 1896-1908 жж. жер мөлшерін есептеу және өзгерістер жөнінде:**

| Экспедицияға дейінгі жер көлемі | Экспедициядан кейін қазақтарға қалдырылған жер | Экспедициядан кейін қоныс аудару қорларына берілген жер | 1орташа шаруашылыққа қажетті жер нормасы |
|---|---|---|---|
| 45.889.000 дес. | 23.297.000 дес. | 22.592.000 дес. | 187 дес. |
| 100 % | 51% | 49% | 138-261 дес. аралығында |
| 1901 ж. 5-наурыздағы №11 циркулярдан кейін қазақтарға қалдырылатын жер 25% өседі | 23.297.000+5.824.000=29.121.000дес ≈63% | 22.592.000-5.824.000=16.768.000≈37% | 234-555дес. |
| 1904-1908 жж. қайта зерттеу экспедициясынан кейін | | | 70-210 дес. ≈36-57% азайды. |

Жоғарыда көрсетілген кестеден екі деректің мәліметін салыстыру арқылы экспедицияның мәліметі шындыққа жақын келеді деп тұжырымдауға негіз береді. Өйткені, экспедицияның пайдаланған статистикалық әдістемесі жеке сұрау арқылы жүргізілген неғұрлым объективті мағлұматтар береді, ал ресми есеп жалпы есептеумен ғана шектелген болатын. Жалпы Ф.Щербина басқарған 7 жылдық зерттеу жұмыстары Ақмола облысының-Көкшетау, Атбасар, Омбы, Ақмола, Петропавл ояздары, Семей облысының Павлодар, Қарқаралы, Зайсан, Өскемен, Семей ояздары және Торғай облысының-Қостанай, Ақтөбе ояздарын қамтыды. Бұл материалдар әр жылдары (1898-1909 жж.) (Воронеж, Омск, Чернигов, С.Петербург) 13 том болып жарық көрді[79, 56-57 бб].

Деректің пайда болуына әсер еткен сыртқы факторлар мен туындаған қиындықтар деректің объективтілігі мен шынайылығына әсер ететіні хақ. Өз кезегінде Ф.Щербина зерттеу жұмыстары кезіндегі туындаған қиыншылықтар мен кемшіліктерді де атап өтті. Оның ішінде:

- Жердің кеңдігі, көшіп-қонуға көп уақытпен күш қажет етті;
- Зерттеушілердің қазақ тілін білмеуі,ортада үшінші (аудармашы) адам арқылы сұраужүргізуді талап етті;
- Зерттелетін өңірдің белгісіздігі;

«Бұл мәселелердің әрқайсысы және барлығы қосылғанда шын мәнінде жұмыстың тез аяқталуын тежеді» - деп көрсеткен болатын [75, 10 б].

Ф.А. Щербина өзінің бюджеттік статистикаға қосқан үлесімен танымал. 1884 жылдан бергі Воронеж земствосындағы қызметінде Воронеж губерниясындағы шаруа отбасыларына бюджеттік зерттеу жүргізген. Арнайы бағдарлама бойынша бюджеттік сұраулар дайындалып, практикада нақтыланып жүзеге асырылған. Воронеждік бағдарлама басқа да бюджеттік бағдарламалардан өзіндік мақсатына нақтылы бағытталуымен ерекшеленеді.

Ақмола, Семей, Торғай облыстарын бюджеттік зерттеу Ф.А. Щербина жұмысында Воронеж губерниясының үлгісіндегідей жүргізілді. Далалық өлкені зерттеуге байланысты барлық жұмыс жалпы алғанда Ф.А. Щербинаның бұрынғы іс-тәжірибесіне негізделіп жүргізілді. Ф.А. Щербинаның өзінің дәлелі бойынша «мәліметтер алу үшін Воронеж земствосының шаруа бюджеттік бағдарламасы біршама өзгерістерге ие болып, көшпелі жұмыстың ерекшелігіне теңестірілген. Бұл бағдарламаға да Воронеж земствосының статистикалық бөлімі тағайындаған бөлімдер мен рубрикалар енген, тек қырғыз тұрмысының өзіндік ерекшелігін есепке ала отырып мал шаруашылығының әр жайылымдық стадиядағы дамуы, жылдық айналымына қатысты сұрақтар пункті кеңейтілген» [10, 118-119 бб].

Қазақ шаруашылығының бюджеттік құрылымын анықтауға негіз болған Воронеждік бюджеттік бағдарлама 5 бөлімнен құрылған: отбасы жөніндегі мәлімет; жер саны; жылжымайтын мүлік, киім, аспап; жылдық кіріс пен шығыстың баланстық жинағы; жалпы сипаттау сұрақтары. Қазақ шаруашылығын зертеудің өзіндік ерекшелігіне байланысты Воронеж бағдарламасының екінші бөлімі біршама өзгерістерге ие болды. Бюджеттік кестелердегі қосымшаларға қарағанда жерге иелік ету, жерді пайдалану сұрақтары алынып, әсіресе малға, оның өніміне, өнімді пайдалану, сату сұрақтары кеңейтіліп, тереңдетілген. Статистер шаруашылықтың жем-шөп дайындау сферасындағы жұмысын нақтылы анықтауға талпынған. Бұл үшін қазақ шаруашылығына Воронеждік бағдарламадағы жем-шөп дайындау сұрағы үйлестірілген. Бюджеттік кестелерге толықтырылған қосымшаларға қарағанда бағдарлама өз алдына қазақ даласындағы шөп шабудың таралу дәрежесін анықтау, оның мал шаруашылығын дамытудағы рөлі, шабылған және пайдаланылған жем-шөп саны, оны пайдалану әдісі, сату, сатып алу сұрақтарын анықтауды мақсат еткендігін көреміз. Бұған қоса қазақ жұмысының ерекшелігіне байланысты үй, киім-кешек, көлік сұрақтары үйлестірілген. Жоғарыда көрестілген өзгерістер 1896 жылы мамыр айында Ф.А. Щербина белсенділігімен жасалған алғашқы бюджеттік бағдарламада енгізілген, яғни барлық статистикалық зерттеу жоспарына және бағдарламаны саралау барысына сай айғақталған, орындалған.

Зерттеу жұмысының негізінде таңдау әдісі басым болды. Сол кездегі көптеген бюджеттік зерттеулер секілді экспедицияның таңдау әдісі де субъективтілікке ұшырады, себебі Ф.А. Щербина да «орташа сандық» әдісті кеңінен қолданды. Нақтылы жағдайда Ф.А. Щербинаның өз пікірі бойынша барлық параметрі жағынан орташа шаруашылықты бюджеттік зерттеуді дұрыс деп есептеді [10, 121 б].

Мұндай шаруашылыққа ол негізгі көрсеткіші бойынша (жан басына шаққандағы мал саны; шаруашылық өзге малын пайдаланатын шаруашылық үлесі; жалдамалы еңбекті пайдалану; шаруашылықтың кәсіптік үлесі; отбасы құрамы) ояздық орта шаруашылыққа жақын шаруашылықты жатқызды. Мұндай орта шаруашылықты табу әдісі қарапайым болды.

Дегенмен, экспедиция жұмысында нақтылы мәліметтер болмағандықтан, бюджетті құру үшін сол жергілікті жерге тән шаруашылықтар ғана алынды. Статистиктер пікірі бойынша оларды анықтау сандық көрсеткіштерге байланысты емес, сапалық көрсеткішке байланысты болды. Ф.А. Щербинаның сөзі бойынша «мұндай көрсеткіштерге алты адамнан тұратын отбасы, жұмыс жасындағы еркек адамдары бар, жалдамалы жұмысшысы жоқ шаруашылығы бар, отбасының шаруашылық және жеке қажеттіліктерін қиындықсыз қанағаттандыра алатын, қырғыз әдет ғұрпына сай қонақтарды қарсы алуға шамасы келер, шығыны кіріспен толықтырылатын шаруашылықтар алынды». Бұл көрсеткіштердің орта шаруашылыққа жататындығын түсіну қиын емес. Жалпы алғанда, Ф.А. Щербина көрсетуі бойынша «өте кедей шаруашылық немесе қай жағыннан алса да бай шаруашылық болып есептелетін шаруашылықтар алынды». Дегенмен соңында «бюджеттік жұмыстың мақсаты жергілікті жердің шаруашылығына тән орта шаруашылықты табу болды»-деп көрсетеді. [10, 131-132 бб].

Соңғы мақсат зерттеу рамкасын тарылтты. Шаруашылықты таңдау сұрағында оның жергілікті жерге тән, тән емес екендігі жөнінде сұрақ көтерілді. Мысалы, статистиктердің бірі А.Н. Дядиченко болыстық басқарма алдына ауылдық старшындар көмегімен осындай шаруашылықтарды есептеу сұрағын қойып, соңында мұндай шаруашылықтың барлық шаруашылықтың үштен бірін құрайтындығы жөнінде қорытындыға келді. Бағдарламаның бесінші бөліміне сай Ф.А. Щербина («Вопросы общего описательного характера») мына жағдайды көрсетеді: «жергілікті жерге тән шаруашылықтың бюджетін құру үшін Дядиченко мырза жергілікті болыстық басқармаға қандай да болмасын шаруашылық иесімен кездестіруді өтінді. Мұндай адам өз сөзі бойынша өз қажетін толық қанағаттандыра алатын Итебай

болды. «Экспедиция қызметкерлері жергілікті әкімшілікті зерттеуге араластыруды дұрыс деп есептеді, себебі бұл жұмыс барысын ұйымдастыруды жақсартады деп есептеді. Кейбір жағдайларда статистиктер әкімшілік көмегіне сүйенбеді, зерттеуге қажетті шаруашылықты өздері таңдады, бірақ бұл кездейсоқ сұрыптау емес, индивидуалды сұрыптау болды. Мұның өзі белгілі бір анықталған мақсатта болды. Жинақталған массалық мәліметтерді салыстырғанда орта және одан жоғары шаруашылықтарды нақты айғақтайтын сандық көрсеткіштер алынды. Жалпы алғанда, Ф.А. Щербина өзінің бюджеттік көрсеткіштер мәліметінің орта көрсеткіштерінің массалық мәліметтер көрсеткішінің орта есебімен сәйкес келетіндігін дәлелдеді. Ф.А. Щербинаны экспедиция жұмысы барысының өзінде де бюджетті құруға қатысты шаруашылықтарды таңдаудағы субъективті сәттерді асырғандығы үшін сынға алған болатын. Мысалы, Торғай генерал-губернаторы Барабаш Ф.А. Щербинаны Қостанай оязындағы 49 шаруашылықты бюджеттік зерттеуге таңдағандағы субъективтілігі жөнінде кінәға тартты. Ф.А. Щербина жауап бергенімен, дәлелі жеткілікті болмады. Дегенмен, бұл жағдай экспедиция зерттеуінің жақсы дәрежеде болғандығын жоққа шығара алмайды. Бюджеттік зерттеуге Ф.А. Щербина Воронеждік статистикалық бюродағы көптеген қызметкерлерін қосты. Олар бюджетпен жұмыс жасауда үлкен іс-тәжірибе жинақтаған адамдар болды. Бұл жөнінде Ф.А. Щербина 1900 жылы далалық өлкедегі жұмыс барысы жөнінде жазғанда «бюджетті құру жұмысы тәжірибесі мол адамдар қолында» деп көрсетті. Сол уақытта бюджеттің көпшілігін статистика ісіне берілген, жақсы білетін, бұрын Воронеж губерниясындағы зерттеуге қатысқан П.А. Васильев құрастырған. Сол сияқты Воронеж губерниясында бағалау жұмысында қызмет атқарған Г.Н. Шапошников те көп үлес қосты. Осындай статистер қатарына басқа да экспедиция қызметкерлерін қосуға болады. Ең үлкен сан-44 бюджетті А.Н. Дядиченко, 41-Е.М. Уродков, 22-Г.Н. Шапошников, И.Ф. Гусев-15, Л.К. Чермак-13, Н.Ф. Дмитриев-12, Айтпенов-12, И.Д. Трипольский-10, П.А. Васильев-8, Қаратаев-8-ін құрды. Бюджетті мұнымен қоса, П.Ф. Лобза, Г.И. Баскин, А.Ф. Дорофеев, Тілекеев, А.М. Снегирев, П.А. Хворостанский, Н.А. Беляков, Жолдыбаев, Салдубаев, И.А. Беляков, М.Аққөзов, Абичев, Н.Н. Беляев, М.Чумбалов, Ә.Итебаев, О.Базанов, Валиханов, Т.Г. Валшикович, А.Аппасов, Ә.Н. Бөкейхан есептеді [2, 175-176 бб].

Ф.А. Щербина алғашқы үлгідегі бюджетті ғана құрады. Жоғарыдағы тізімге қарағанда бюджетті құрастыруға экспедиция құрамында тіркеуші, аудармашы болып істеген жергілікті қазақ интеллигенциясының да қатысқандығын көреміз. Бір жағынан алып қарасақ, бұл адамдар өз деңгейіндегі статист-мамандар болмады, дегенмен олардың қазақ тілімен тұрмысын жетік меңгеруі сұрақ-жауап жүргізудің сапасын көтерді, яғни зерттеу жұмысын жүргізуге үлкен ықпалын тигізді. Жоғарыда көрсеткендей бюджеттік зерттеу әдістемесі Ф.А. Щербинаның алғаш негіздеген бюджетіне сүйенді. Дегенмен, қазақ шаруашылығының өзіндік спецификасы Воронеж шаруашылығын зерттеудегі қалыптасқан үйреншікті, таныс әдіс-тәсілдерді өзгертуді қажет етті. Ең алдымен статистер кездескен қиыншылық ол баға, құндық ұғымдарға қатысты. Көптеген заттар мен құбылыстар ақшалық сипаттауға ие болмаған, себебі көбінесе айырбасқа байланысты немесе сол шаруашылықтың өзінде өндірілгендіктен. Бюджетті құру жұмысын қиындатқан тағы бір фактор-бұл өлшем мен салмақ жүйесінің кең ауқымды дамымауы. «Дегенмен,-деп жазады Ф.А. Щербина-бұл қиыншылықтар сондай шешілуі жоқ қиыншылық емес, мұндай жағдайда бюджеттік зерттеу мүмкін емес деген сөз емес, тіпті зерттеудегі нақтылы нәтижеге жетуге кесірі тиер қиыншылық емес, оны қалыптасқан әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы шешуге болады» [2, 176 б].

Статистиктер қолданатын негізгі тәсіл-салыстыру және ұқсастық, үйлестілікті табу. Бұл тәсіл алғашқы зерттеу әдісін тексеру кезінде-ақ енгізілген болатын. Сұраққа жауап алушылардың көбінесе алынған жауаптарды салыстыратындығы кеңінен байқалды. Мысалы киіз үйдің бағасын тағайындау үшін, статистиктер оның құрамдас бөліктерінің барлығын анықтап алып, одан кейін ақшалай эквивалент тағайындаған. Бұл ақшалай эквивалентті жоғарыдағы құрамдас бөліктерді бір-бірімен салыстыру, ақшалай құн бағаға ие болған заттармен салыстыра отырып бағасын қою негізінде анықтаған. «Сабаның иесі (қымызға арналған теріден жасалған ыдыс) оның ақшалық құнын білмеген, дегенмен оны басқа заттарға айырбастаған, ал бұл басқа заттардың екінші немесе үшіншісі, тіпті соңғысы ақшаға соғылып, өзіндік құнға ие болған». Көбінесе сату, сатып алу ара-қатынасында басты рөл атқарған мал болды. Егер шаруашылық иесі сұрақ-жауап алғанда кез-келген заттың құнын айтуға қиналса, мысалы жоғарыдағы киіз үйді оның есесіне әр түріне байланысты қанша мал санына айырбастауға болатындығын шатаспай нақтылы айтар еді.

Сату, сатып алу барысында негізгі рөлді мал атқарғандықтан, кең түрде тараған ақшалық эквивалент рөлін де мал атқарды. Егер шаруашылық иесі сұрау барысында кез келген бір заттың құнын айтуға қиналса да, мысалы киіз үй, онда ол киіз үйді қанша мал басына немесе киіз үйдің басқа қандай түріне айырбасталатынын тура айта алар еді. Осындай әдіс-тәсіл, салыстыру мүлік құнын анықтауда

қолданылды. Қазақтардың сол кездегі негізгі азығы болып есептелетін қымыз құнын статистиктер малдың құнымен анықтаған. Бұл жағдайды Ф.А. Щербина өз жазбаларында былай суреттейді: «Қырғыз жыл бойында өз қажеті үшін бес пұт жүнді жұмсаса, ал 10 пұт жүнді сатса, бюджетке жүннің құны ретінде баға енгізілді. Зерттеу барысында сұрау әдісі де маңызды рөлге ие болды. Массалық зерттеулер барысындағыдай бюджетті анықтауда шаруашылық иесіне сұрау жүргізілгенде оның көршілері мен ауылдастары да қатыстырылды. Бұл белгілі бір өзіндік бақылау жүргізу мақсатында болды. Іс-тәжірбие барысында анықтауға мәліметтер алу үшін шаруашылық иесімен қоса жекеленген сұрақтарды (мысалы азық-түлікті пайдалануға байланысты, мал сауынына орай) шаруашылықты жүргізуші әйелдерге қою керек екендігіне статистиктер көз жеткізді. Көптеген ояздарда бұл жәрмеңкелермен байланысты болды. Кейбір жағдайларда бюджеттік жыл жазғы жайлауға шығумен, бір шөп шабу мерзімінен келесі шөп шабу мерзіміне дейінгі уақытпен байланыстырылды. Барлық зерттеулер бақылаушы әдіс-тәсілдермен қайта нақтыланып отырды. Алынған мәліметтерді тағы да бақылаудан өткізу барысында статистиктердің іс-тәжірибесі мен ішкі түйсігі маңызды рөл атқарды. Мысалы, И.М. Уродков бюджетті анықтап болған соң мал басының, әсіресе қой санына күдікпен қарады. Себебі малды шығындау барысына байланысты көрсетулер өте үлкен болды. Сұрақты нақтылау үшін екінші рет сұрау жүргізілді. Бюджетті құрастырушылар алынған алғашқы мәліметтің тура болуына мүдделі болып, сол мәліметті қайта алуға талаптанды. Г.Н. Шапошников бай шаруашылықтың иесімен екі күн бойы жұмыс жүргізіп, тура емес ақпарат беруге тырысқанына қарамастан нақтылы сандық көрсеткіштерге қол жеткізді. Осындай жолмен, зерттеу жұмысын ұйымдастыру нақтылы мәліметтер алуға қол жеткізді [10, 131-132 бб].

Экспедиция жұмысының нәтижесінде алынған мәліметтерді сол кездегі замандастары жоғары бағалаған. Экспедиция ісін бақылауға алған А.А. Кауфман өз есебінде «жұмыс барысының дұрыс жолға қойылғандығын бюджеттік зертеудің білгірі Ф.А. Щербинадан күткендей үлкен шеберлікпен орындалғандығын, осыған орай ешбір ескерту жасауға болмайтындығын»-баса жазады [5, 105 б].

Бюджеттік бақылау бойынша экспедиция 12 ояздың 281 қазақ шаруашылығын қамтыды. Бұдан басқа 13-інші томда экспедиция қызметі ауданына енбеген Перовск оязы бойынша 1 қосымша бюджет мәліметтері енгізілген. Бюджетті құрастырушы Н.Ф. Дмитриев бұл Перовск оязындағы шаруашылық иесі Ақмола облысының тұрғынына жатпаса да оның шаруашылығы Атбасар оязы қырғыздарындағыдай үнемі көшіп-қону жүйесіндегі шаруашылыққа тән екендігін көрсетеді. Барлық зерттелген шаруашылыққа тән бюджеттік көрсеткіштер арақатынасын көрсететін кесте құрылған. (Сандық және процenttік мәнде көрсетілген).

Кесте №2. 12 ояздың бюджеттік зертеудің нәтижесі.

| Ояздар | Барлық зерттелген шаруашылық | Құрылған бюджет | |
|---|---|---|---|
| | | Сандық | % |
| Ақмола | 18392 | 12 | 0,07 |
| Омбы | 6593 | 13 | 0,2 |
| Атбасар | 12837 | 7 | 0,05 |
| Көкшетау | 12498 | 14 | 0,11 |
| Петропавл | 1399 | 22 | 1,57 |
| Қарқаралы | 19016 | 14 | 0,07 |
| Семей | 21512 | 19 | 0,09 |
| Павлодар | 21837 | 32 | 0,15 |
| Өскемен | 15100 | 19 | 0,13 |
| Зайсан | 17812 | 29 | 0,16 |
| Ақтөбе | 17689 | 51 | 0,29 |
| Қостанай | 19474 | 49 | 0,25 |
| Барлығы | 184159 | 281 | 0,15 |

Бюджетті сипаттауға қарағанда зерттеуге экономикалық жағдайы әр қилы шаруашылықтар енген. Мұндай жағдаймен Воронеж губерниясының шаруа қожалықтары да зерттелген болатын. Бюджетті құрастырушылар сұрақ картасында сипатталып отырған шаруашылықтың шаруашылықтың қай типіне жататындығын белгілеген. Мұндай жағдайда шаруашылық иесі мен ауылдастарының

пікірі есепке алынған. Жазбаларда «бай шаруашылық», «ортадан жоғары», «ауқатты», «дамушы», «орта», «кедейленген», «кедей» деген сияқты сипаттаулар кездескен. Әр жазбаға аргумент, белгілер болмағандықтан шаруашылықты бағалауда шатасушылықтар статистиктер жұмысында кездесті. Кейбір шаруашылық иелері өзін кедейлер қатарына қоспады, ал ауылдық старшина оны жоғарыдағыдай көрсетті. Келесі бір шаруа қожасын ауылдастары «ортадан төмен» деп бағалаған, дегенмен бұл шаруа қожасы өз шаруашылығында 3-ке жуық жалдамалы жұмыскерді иеленген. Сондықтан бюджеттік сипаттаудағы мұндай тұстарға абайлықпен қарау қажет. Экспедиция 300-ге жуық қазақ шаруашылығын суреттеген.

Статистиканың белгілі қайраткері П.П. Румянцев «Материалдардағы...» мәліметтерді саралай келе қазақ қоғамындағы шаруашылық топтарының арақатынасын былай суреттеді: «Шаруашылықтың негізгі массасы (78,2 % кедей, орта шаруашылық саны көп емес-14,6 %, көп емес ауқатты 17,8 %) және бай шаруашылық айқындалды» [10, 135б].

Бюджетті пайдалану әдістемесі экспедицияның арнаулы мақсатына тәуелді болды. Мысалы, Зайсан оязында 29 бюджет құралды, дегенмен тек оның 14-і ғана салыстыруға және қорытынды бақылауға алында. 15 бюджет төмендегі себептерге байланысты қарастыруға алынбады: «10 бюджет тұрғылықты халықтың айтуы бойынша «ортадан жоғары» шаруашылыққа жатады деп есептелінгендіктен алынып тасталды, ал басқа 5-еуі кедей шаруашылығына жатады, себебі өмір сүрудің көзі бұл шаруашылықта балық аулаумен, батырақтық т.б. кәсіптермен байланысты. Осындай жолмен ояз бойынша бюджеттік анализге тек орта шаруашылыққа қатысты мәліметтер алынған.

Ояз бойынша массалық мәліметтер мен бюджеттік мәліметтерді салыстыра отырып, статистиктер соңғы алынған мәліметтердің шындыққа жақын екендігіне көз жеткізуге талпыныс жасады. Ф.А. Щербина өз жазбаларында Қостанай оязы бойынша экспедицияның негізгі бақылау мәліметтерін алғандығын, ондағы негізгі мақсат бюджеттік мәліметтердің бұл жалпы мәліметтерге жақындығын көрсету екендігін жазады. Егер де шаруашылық саны бюджетпен репрезентативті болған жағдайда бақылаушы соңғы әдіс анықталған болар еді. Қостанай оязы үшін, мысалы, 19474 зерттелген шаруашылықтың 49 шаруашылығы бюджетпен бірге. Мұндай сандық көрсеткішке қарап біртұтастық бірлестік жөнінде айту қиын. Мұнымен қоса негізінен алғанда бюджетті орта шаруашылық құрады. Дегенмен, Ф.А. Щербина «49 бюджет нақтылы жағдайда тіптен жеткілікті» деп есептеді. «Орыс статистиктерінің тәжірибесінде ғана емес, шет ел статистиктерінде мұндай сандық көрсеткіш жеткілікті», «бюджетті құрау өте күрделі еңбек, қиын жұмыс болып табылады»,-деп өз пікірін тұжырымдады [10, 140 б].

Осы тұжырымға қарамастан Ф.А. Щербина пайдаланған әдіс, яғни бюджеттік көрсеткіштерді массалық мәліметтермен салыстыру нақтылы жағдайда дәлелді болды деп толық айтуға болмайды. Экспедиция жұмысының нәтижесінде алынған бюджетке қатысты мәліметтер арнайы кестелерге енгізілді және «Материалдардың...» 13-томында келтірілген. Бұл жалпы алғанда бюджеттік және қисындастырылған кестелер.

Бюджеттік кесте 12 ояз бойынша 282 бюджетті қамтыған кесте шаруашылық деңгейінде құрастырылған. Том соңында суреттеу бар. Суреттеудің әр жақтылығы әр шаруашылыққа қатысты кестеге енгізілген бюджеттік мәліметтерді салыстырып, толықтыруға мүмкіндік береді. Бюджеттік кесте нақтылы берілген. Кестеде шаруашылық қожасының аты жөні берілмеген. Бірақ суреттеуде міндетті түрде шаруашылық қожайынының аты-жөні берілген. Кестелердегідей суреттеулерде де бюджет құру жолы анықталған. Кестеде мекен-жайлық көрсеткіштер; ояз, болыс, қыстау орналасқан орын бірінші кезекте көрсетілген [11, 101-104 бб].

Екінші топ отбасындағы еркектер мен әйелдер санын көрсететін, әр жастағы адамдарды есепке алған демографиялық мәліметтер берілген. Әйелдер былай көрсетілген-1 жастан 6 жасқа дейін, 7 жастан 11-ге дейін, 12-ден 13, 14-тен 15, сол сияқты 16-дан 17, 18-ден 55, оның ішінде жұмыс істейтіндері, 55-тен 60-қа және 60-тан жоғары. Осындай жолмен, бұл мәліметтер жұмыскерлер санын есептеп шығаруға және сол сияқты семьядағы біреудің қарауындағы жан санын нақтылауға мүмкіндік береді. Отбасы мүшелерінің сауаттылығы, оқитындар саны жөніндегі мәліметтер де келтірілген.

Қазақ шаруашылығының бюджетін талдағаннан кейін, жалпы зерттеудің және оның нәтижесінде алынған мәліметтерді саралаудың Воронеждік бюджеттік бағдарлама типі бойынша жүзеге асырылғандығын көруімізге болады. Зерттеуді Воронеждік бағдарлама бойынша жүргізу көп нәрсені айтады. Воронеждік бюджеттік бағдарлама өзге бағдарламалардан тиімді жағымен ерекшеленгендіктен зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы жоғары сапаның болғандығына кепілдік береді. Қазақ шаруашылығының бюджетін құруда Ф.А. Щербина экспедициясы Воронеждік бағдарламаның

тек құнды жағын ғана қамтып қойған жоқ, сонымен қоса кейбір кемшіліктерін де қамтыды, соның нәтижесінде мәліметтерді салыстырғанда көптеген құнды алғаш мәліметтер жоғалып кетті. Бюжеттік мәліметтерге саралау жасаған кезде орташа сандық есептеу жүйесіне сүйенген. Қазақ шаруашылығын бюджеттік зерттеу түпкі өзегінде көбінесе таңдау негізінде жүргізілді, ал шаруашылықты саралау әдісін сипаттаған кезде кездейсоқтылықтың қажетті принцип екендігін көп жағдайда есепке алмағандығын көруімізге болады. Бюджеттік зерттеу нәтижесінде негізінен алғанда орта шаруашылық алынған, осының салдарынан қазақ ауылына кең түрде әлеуметтік сипаттама беруде басты дерек болуына мүмкіндікті тарылтты. Осыған қарамастан қазақ шаруашылығының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы бюджеттік зерттелуі қазақ қоғамының жекеленген топтары мен тұтас әлеуметтік құрылымы жөнінде нақтылы анализ бере алатын, тереңнен зерттеуге негіз бола алатын құнды материал болып есептеледі. Сонымен қоса статистикалық жұмысты жүргізудегі статистиктердің үлкен тиянақтылығын есепке ала отырып, алынған бюджеттік мәліметтердің зерттелген шаруашылықтар үшін шындыққа жақын, анықталған мәліметтер екендігін мойындауымыз керек [12, 101-104 бб].

Деректің жалпы құрылымы бастапқы экспедицияның бағдарламасында қарастырылған мәселелерге сай келгенімен, әр облыс пен ояздың өзіне тән ерекшелігіне сай деректің құрылымы өзгеріске ұшырап отырды. Мәселен, қажетті жағдайларда жаңа кестелер қосылып немесе мәтінде бұрын қаралмаған тақырыптар да әр өлкенің өзгешелігіне сай дерекке қосылып отырған [13, 72 б].

Осылайша, 1896-1903 жж. Ф.Щербина басқарған зерттеу экспедициясының нәтижесін-де 13 томнан тұратын - *«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...»* деп аталатын **дерек көзі пайда болды.** Бұл Ресей империясының Қазақстан жерін отарлау мақсатында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде пайда болған деректен тек қана қазақтардың жерді пайдалануы туралы мәліметтерді ғана емес, басқа да жанама фактілерді де алуға болады. Жалпы -*«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...»* XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы бүкіл қазақ қоғамын жан-жақты сипаттауға, нақты сол кезеңдегі тарихи жағдайларды талдауға қомақты үлес қоса алатыны анық.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Тасилова Н. Статистика ғылымы және статистикалық деректерді талдау әдістері. // ҚазҮУ хабаршысы. Тарих сериясы. -№2 (45). 2007 ж. 12-17 бб.

2. Волкова Т.П. К изучению и использованию данных дореволюционной бюджетнойстатистики казахских хозяиств. В. Книге: Вопросы историографии и источниковедение Казахстана (дореволюционный период). А., 1988. -369 с.

3. Алферова Ю.А.Ф.А.Щербина в общественно-политической жизниРоссии: 60-е годы XIX-начало XX вв.: Автореферат дис. канд. истор. наук. Москва, 2003. -198 с.

4. Материалы по киргизскому землепользованию,собранные иразработанные экспедициейпо исследованиюстепных областей.Под.ред.Ф.Щербина.Т.1.Акмолинскаяобласть. Кокчетавский уезд. Воронеж.,1898. - 1041 с.

5. Кауфман А.А.Материалы по вопросу оборганизации работ по образованию переселенческихучастков в степных областях. С.Петербург, 1897. -149 с.

6. Петрова Т.П.К вопросу о составе экспедицииФ.А.Щербины по исследованию степных областейКазахстана //Изв. Акад. Наук Каз ССР. Серияобщественных наук. Алма-Ата, 1980. -№4. С. 50-55.

7. Тәсілова Н. Щербинаның экспедициясы: тарихи алғышарттары, зерттеушілердің құрамы мен негізгі әдістемесі. // Қазақ тарихы. -№2. 2008 ж. -51-57 бб.

8. Бөкейхан Ә. Жауап хат. // Қазақ. 1913. -№24. // «Қазақ» газеті. -Алматы., 1998. -560 б.

9. Волкова Т.П. Некоторые проблемы источниковедческого изучения материалов экспедиции Ф.А.Щербины. В книге: Проблемы историографии Казахстана. А.,1983. -450 с.

10. Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные экспедицией цо исследованию степных областей: источниковедческое изучение. Дисс. канд. ист. наук. - М., 1982. -170 с.

11. Материалы по киргизскому землепользованию,собранные иразработанные экспедициейпо исследованиюстепных областей.Под.ред.Ф.Щербина.Т. YI. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Спб.,1905. микрофиша.

12. Чермак Л. Новый бюрократический опыт над киргизами. Вопрос о переселенчестве. // Сибирские вопросы.-Спб., 1906. -№1.

13. Чермак Л. Формы киргизского землепользования. // Сибирские вопросы, 1908. -№39-40. -85 с.